| 2. | «Жаныңда жүр жақсы адам» акция*(«Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түп қазығы» жобасы)* | 5-11 сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 4-8.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, әлеуметтік педагог |
| 3. | «Мың алғыс, ...» *(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)* | 1-11 сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тысіс-шараның жоспары/ сценарии | 1.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, кітапханашы |
| 4. | «Жарқ ете қалсам, найзағай болып...» *(Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)* | 9-11 сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тысіс-шараның жоспары/сценарии | 15.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, пед.ұйымдастырушы |
| 5. | «Ұлттық қолөнер – құнды қазына» *(«Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түп қазығы» жобасы* | 5-8 сыныптар | Көрме | Ақпарлама, БАҚ – қа жариялау | 13.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, эстетикалық пәндер бірлестігі |
| 6. | «Домбыра Party» *(«Домбыра дастан» жобасы)* | 5-11 сыныптар | Ата-аналар жиналысы | Хаттама | 17.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, үйірме жетекшісі |
| 7. | «Мәңгі жарық күн сыйлаған маған..» | 1-11сыныптар | Мерекелік кеш | Сценарий, ақпарлама,БАҚ-қа жариялау | 7.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, көркемдік жетекші |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» *(тыйым сөздердіңмағынасы)* *(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)* | 1-4 сыныптар | Сынып сағаты | Ақпарлама | 4-8.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 9. | «Ізгіліктің бір ізі -алғыс айту» *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)* | 1-11 сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тысіс-шараның жоспары/сценариі | 1.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 10. | «Экологиялық калейдоскоп» *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)* | 5-8 сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценариі | 19.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 11. | «Әже тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» | 7-10 сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценариі | 6.03 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, |
| 12. | «Амал келді, жыл келді!» | 1-11 сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценариі | 14.03 | Директордың тәрбие ісіжөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, |
| | | | | | | |

# СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

*12 сәуір - Ғылым күні*

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Өтетін уақыты | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)** | | | | | | |
| 1. | «Достық – көмекпен мықты» *(«Еңбегі адал жасөрен» жобасы)* | 5-11сыныптар | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 1-5.04 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 2. | «Ұлы Дала мұрагерлері» *(«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)* | 9-11сыныптар | Виртуальды саяхат | Ақпарлама, БАҚ – қа жариялау | 9.04 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 3. | «Ғарышкерлер әлемін ашамыз» көрме | 1-7сыныптар | Сынып сағаты | Ақпарлама, БАҚ – қа жариялау | 8-12.04 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 4. | «Отбасыммен өткізген бір күнім» *(«Даналық академиясы» жобасы)* | 1-4сыныптар | Челлендж | Бейнероликтер, БАҚ-та жариялау | 17.04 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 5. | «Таза аула» акциясы | 8-11сыныптар | Акция | Ақпарлама, БАҚ – қа жариялау | 25.04 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 6. | «Жүрегім қазақ»жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер | 8-11сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Жастарға кәсіби бағдар беру кездесулері нөткізу | 11.04 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, «Жастар Ассамблеясы» өкілдері сертификатталған тренерлер |
| 7. | «Шахмат ойнау» челленджі *(Тоғыз айға – тоғыз іс – шара)* | 1-4 сыныптар | Челлендж | Ақпарлама, БАҚ – қа жариялау | 12.04 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 8. | «Табиғат тамашалары» | 1-11сыныптар | Сынып сағаты | Ақпарлама, БАҚ – қа жариялау | 15-19.04 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 9. | «Сөз қадірі – өз қадірің» *(«Оқуға құштар мектеп» жобасы»)* | 1-11сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тысіс-шараның жоспары/сценарии | 24.04 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, кітапханашы |

## МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- *1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*
- *7 мамыр-Отан қорғаушылар күні*
- *9 мамыр-Жеңіс күні*
- *31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні*
- *Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл*

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Өтетін уақыты | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)** | | | | | | |
| 1. | «Медиа time» *(«Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)* | 5-11 сыныптар | Сыныпсағаты | Сынып сағатының жоспары | 2.05 | Директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 2. | «Жасыл мекен» *(«Тогыз айга тогыз шара»)* | 1-11 сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тысіс-шараның жоспары/сценарии | 12.05 | Директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 3. | «Оқырмандар отбасы» *(«Даналық мектебі»жобасы)* | Аналар мектебі, Әкелерклубы | Ата-аналар жиналысы | Хаттама | 14.05 | Директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 4. | «Бірлік түбі – береке» | 1 – 11 сыныптар | Сынып сағаты | Ақпарлама, БАҚ-қа жариялау | 20-24.05 | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 5. | «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» *(«Жеткіншектің Жетіжаргысы» жобасы)* | 1-9 сыныптар | Сыныпсағаты | Сынып сағатының жоспары | 13-17.05 | Директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |
| 6. | «Адамдық борыш арүшін» *(«Оқуга құштар мектеп»жобасы)* | 1-11 сыныптар | Сыныптан тыс іс-шара | Сыныптан тысіс-шараның жоспары/сценарии | 3.05 | Директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші |

**Ақпарлама**

**Мектебім – мейірім мекені**

Шуақты қыркүйек айының алғашқы күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған балдырғандармен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысады. «Шетпе гимназиясы» КММ-де алғашқы қоңырауға арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өтті. Жиынға аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Жаңбуршиев Нұрлыбек, аудандық білім бөлімінің бас маманы Сүйінқараева Ақбөбек, ардагер ұстаздар мен ата-аналар қатысты. Алғаш сөз алған мектеп басшысы Гүларша апай жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырып, сәттілік тіледі. Мұғалімдер Маңғыстау облысы білім басқармасының, Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің «Құрмет грамотасы» және «Алғысымен» марапатталды. Салтанатты шарадан соң білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту мақсатында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Жаңа оқу жылы құтты болсын! Еліміздің абыройын асқақтатып, мәртебесін көтерер ұрпақтарымыз көп болсын!

**Ақпарлама**

«Шетпе гимназиясы» КММ-де білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау. Білім алушыларға құндылықтар жөнінде жалпы ақпарат беріліп, білім алушылармен бірге құндылықтардың адам өміріндегі рөлі талқыланды. Жазғы демалыстары, жазда оқыған кітаптары талқыланып, бейнероликтер көрсетіліп, тренингтер өткізілді.

**Ақпарлама**

Білім күні бейнероликтердің республикалық онлайн акциясы аясында 2-4 сынып оқушыларының «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім; 5-8 сынып оқушыларының – «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем», «Жазғы демалыста мен жасаған игі іс»; 9-11 сынып оқушыларының– «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда» тақырыптарындағы бейнероликтерін қабыл алыңыздар!

**Ақпарлама**

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл» - деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты Қазақстан халқы тілдері күніне орай жалпықазақстандық ашық диктант жазу шарасы ұйымдастырылды. "Мағжан Жұмабаев-заманның заңғар тұлғасы" атты тақырыпта ашық диктант жазуға 6,7,9,10-сынып оқушылары қатысты.

**Ақпарлама**

ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің №25-14-10-1599 хатына сәйкес, 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 35-тармағын орындау мақсатында 7-қыркүйек күні парасаттылық сағаты өтті. Сабақ барысында оқушыларға адалдық, мейірбандық, адамгершілік туралы түсінік беріліп, пікір алмасу болды. Бейнеролик көрсетіліп, оқушылардың ойы тыңдалды

**Ақпарлама**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасына сәйкес «Шетпе гимназиясы» КММ-де «Сергіту сәті» челленджі өткізілді. Мақсаты – балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

**Ақпарлама**

«Шетпе гимназиясы» КММ-де қазақ халқының асыл дәстүрі «Айтыс — ұлттық өнер» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: ұлттық рух пен патриотизмді, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, эмоционалды интеллекті қалыптастыру, айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнердің баға жетпес мұрасы ретінде дәріптеу. Сынып сағаты барысында айтыс, айтыскер ақындар туралы түсінік беріліп, айтыстан үзінді көрсетілді.

**Ақпарлама**

«Шетпе гимназиясы» КММ-де сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында мектеп жарғысы, ішкі тәртіп, мектеп формасы, «Ашық есік» күні таныстырылып өтті.

**Ақпарлама**

«Шетпе гимназиясы» КММ-де мектеп парламенті президенті мен мүшелері сайланды. Оқу жылы басында мектеп оқушыларына google form арқылы өзін-өзі ұсыну сауалнамасы жолданды. Сауалнама нәтижесінже үміткерлер іріктеліп, 4 оқушы мектеп парламенті президентіне ұсынылды.4 оқушы: 10-сынып оқушылары Советұлы Әбдірахман мен  Елнұрқызы Гүлшат, 9-сынып оқушылары Жауымбаев Бекжан мен Ылым Аслан өз мақсат, міндеттерімен таныстырды. Мектеп оқушылары google form арқылы өз таңдауын жазады. Нәтижесінде 10-сыныптың үздік оқушысы, "IQanat" олимпиадасының финалисті және "IQanat High School of Burabay" мектебінің грант иегері Елнұрқызы Гүлшат мектеп парламенті Президенті болып сайланды. Сонымен қатар түрлі бағыттар бойынша оқушылар іріктеліп, жылдық жұмыс жоспары жасақталды. Білімді, көшбасшы оқушы – ел болашағы!

**Ақпарлама**

"Шетпе гимназиясы" КММ-нің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктерді негізге ала отырып 15 минуттық үзіліс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында "Егер сен күлсең, бар әлем сенімен бірге күледі" айдарымен 6,7,8,9-сынып оқушыларына тренингтер өткізілді.

**Ақпарлама**

15 минуттық үзіліс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында "квест" ойыны ұйымдастырылды. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту үшін осындай шаралар әр аптаның бейсенбі күні өткізіліп отырады.

# Ақпарлама

15 минуттық үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында бастауыш сынып оқушыларына ертегілерден үзінді беріліп, қай ертегі екенін анықтау тапсырылды. Оқушылар шараға қызыға қатысып, белсенділік танытты.

**Ақпарлама**

20.09.2023 ж. күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де Ұлттық мектеп лигасының 1-кезеңінің салтанатты ашылуы болды. Салтанатты жиынға мектеп оқушылары мен ата-аналары, еңбек ардагері Сегізбай Әнес қатысты. Алғаш сөз алған мектеп директорының м.а. А. Елеуова мектеп лигасының ашылуымен құттықтап, сәттілік тіледі. Салтанатты шара спорттық ойынмен жалғасты.

**Ақпарлама**

Қазақстанда қыркүйек айының соңғы жексенбі күні «Еңбек күні» мерекесі болып белгіленді. Оның негізгі мақсаттары – еңбек өнімділігін ынталандыру, қарапайым жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру және оған жастардың назарын аудару болып табылады.

Осыған орай «Шетпе гимназиясы» КММде «Менің жетістігім – менің нәтижем» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

**Ақпарлама**

"Шетпе гимназиясы" КММ-нің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктерді негізге ала отырып 26.09 күні 15 минуттық үзіліс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында "Егер сен күлсең, бар әлем сенімен бірге күледі" айдарымен 8,9, 10 - сынып оқушыларына "Радио", "Өкпені еріту "тренингтері өткізілді. Ұйымдастырушы: мектеп психологы: Ж. Есбергенова және мектеп парламенті мүшелері: Ш. Қуантқан мен А. Қуан

**Ақпарлама**

1 қазан – Қарттар күніне орай «Шетпе гимназиясы» КММ-де 2-5 сынып оқушылары арасында «Әжемнің ертегісі» байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ұлттық рухани біліммен қаруландыру.Оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту; Оқушыларды ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа, елжандылыққа тәрбиелеу. Сайыс ережесіне сәйкес әр қатысушы өз әжесімен бірге немесе әжесінің айтқан ертегілерін айтуы қажет болатын. Сайысқа 6 оқушы қатысты. Нәтижесінде оқушылар I,II,III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды.

**Ақпарлама**

1 қазан – Қарттар күніне орай 4-сынып оқушылары сынып жетекшісі Кокишева Гүлзира апаймен бірге Ардагерлер үйіне барды. Мақсаты: оқушыларды елжандылыққа, үлкенді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Өнегесі мол аталарымыздың әңгімелерін тыңдап, ардагерлерге қолғабыс жасап, ауланы тазалап көмек көрсетті.

**Ақпарлама**

4.10.2023 ж. күні Мұғалімдер күніне арналған «Дублёр күні» ұйымдастырылды. Жоспар жасақталып, 11-сынып оқушылары кестеге сай сабақтарын өткізді.

**Ақпарлама**

Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет

Қазанның 4 жұлдызында құрметті ұстаз, талай шәкірттің жүрегінен орын алған, өз ісінің шебері Шоланова Гүлзинаның 60 жасқа толуына орай мерекелік кеш өтті. Меркелік кешке арнайы шақырылған қонақтар, мектеп ұстаздары, оқушылар мен ата-аналар қатысты. Алғаш сөз алған мектеп басшысы Г. Нұрмағамбетова Гүлзина апайдың еңбек жолындағы жеткен жетістіктері мен үлгілі педагогикалық әдебі туралы айтып өтті. Кеш қонақтары Гүлзина апай туралы естеліктерімен бөлісіп, ыстық ықыластарын білдірді. Өмір жолы тарихынан бейнеролик көрсетіліп, ұстаздың жолын қуып математика пәнінен сабақ беріп жүрген шәкірттері құтықтау тілектерін жеткізді. Ұстаз, ана туралы әндер шырқалды.

Гүлзина апайды мерейлі мерекесімен құттықтай отыра, деніне саулық, отбасына амандық, шығармашылық табыстар тілейміз!

**Ақпарлама**

Ұстаз деген – жарық күні ғаламның

5 қазан Ұстаздар мерекесіне орай мектебімізде «Ұстаз деген – жарық күні ғаламның» атты кеш өтті. Алғаш сөз алған мектеп басшысы Гүларша Нұрмағамбетова Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың құттықтауын жеткізді. Кеш барысында мектеп оқушылары ұстаздардың төл мерекесіне құттықтау тілектерін айтып, әндерін шырқады.

**Ақпарлама**

«ПРОКУРОР САҒАТЫ-ЕСІРТКІ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМ»

17.10.2023 ж. күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де «Прокурор сағаты» өткізілді. Шараға Маңғыстау ауданы прокуратурасының прокуроры Г. Берішбаева, жасөспірімдер бойынша инспектор, полиция капитаны Г. Абдуалиевна, аудандық білім бөлімі әдіскері А. Базарбай және мектеп әкімшілігі мен оқушылар қатысты.

Іс-шараның мақсаты – кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында нашақорлық, синтетикалық есірткі түрлері психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудың алдын алу, темекінің зияндылығы туралы ақпараттар алмасып, салауатты өмір салтын ұстану және насихаттау, бейнероликтер көрсету, жадынамалар тарату болып табылады.

Шара барысында Маңғыстау ауданы прокуратурасының прокуроры Г. Берішбаева оқушыларға жасөпірімдер арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудың зияны, оның салдары мен тұтынудың өлімге әкелетіні, нашақорлықтың алдын-алу шаралары туралы айтып өтті. Бұдан бөлек жасөспірімдер бойынша инспектор Г. Абдуалиевна электронды темекіні тұтынудың зияны, денсаулыққа әсер етіп, соңы нашақорлыққа ұласып кетуі мүмкін екенін жеткізді.

Шара барысында оқушыларға нашақорлық пен есірткінің алдын алу және қауіп қатері туралы бейнероликтер көрсетіліп, жадынамалар таратылды.

**Ақпарлама**

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМҒА ҚАДАМ

«Біз жемқорлыққа қарсымыз» сыбайлас жемқорлыққа қарсы апталығының іс-шара жоспарына сәйкес «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дебат сайысы болып өтті. Сайысқа 2 оқушыдан 2 команда қатысты. Дебат Америкалық парламенттік форматта өткізілді. Оқушылар өз ойын білдіріп, мысал келтіріп, белсенді түрде қатысты

**Ақпарлама**

Республика күні мерекесі аясында «Мәңгілік жаса, қыран елім – Қазақстаным» апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес және «9 айда – 9 іс-шара» жобасы аясында Әнұран орындау челленджі өткізілді. Мектеп ұжымы мен барлық сынып оқушылары бір уақытта Мемлекеттік Гимнді шырқады.

**Ақпарлама**

ҚР Республика күні мерекесі аясында «Мәңгілік жаса, қыран елім - Қазақстаным» апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп парламентінің дайындаған танымдық бейнеролигі. Қазақ поэзиясының хас шебері Қ. Аманжолов «Не деген бақытты едің, келер ұрпақ» деп жырлағандай елін, туған жерін сүйетін, елінің өткені мен бүгінін, тарихын зерделей алатын, көшбасшы ұрпағымыз аман болсын! Сүйікті Отанымыз Азат Қазақстан мәңгі жайнай берсін, жарқырай берсін! Республика күні құтты болсын!

#РеспубликакүніМаңғыстау #RepublicDayMangystau

**Ақпарлама**

ҚР Республика күні мерекесі аясында «Мәңгілік жаса, қыран елім - Қазақстаным» апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп парламентінің дайындаған танымдық бейнеролигі. Қазақ поэзиясының хас шебері Қ. Аманжолов «Не деген бақытты едің, келер ұрпақ» деп жырлағандай елін, туған жерін сүйетін, елінің өткені мен бүгінін, тарихын зерделей алатын, көшбасшы ұрпағымыз аман болсын! Сүйікті Отанымыз Азат Қазақстан мәңгі жайнай берсін, жарқырай берсін! Республика күні құтты болсын!

**Ақпарлама**

Республика күні мерекесіне орай «Мәңгілік жаса, қыран елім – Қазақстаным» тақырыбында тәлім сәті өткізілді. Жиынға мектеп ұстаздары мен оқушылар қатысты. Алғаш сөз алған мектеп басшысы Гүларша апай мерекемен құттақтады. Республика күні тарихы айтылып, патриоттық тақырыпта жырлар оқылды.

**Ақпарлама**

ҚР Республика күні мерекесі аясында «Мәңгілік жаса, қыран елім - Қазақстаным» апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында патриоттық өлеңдер оқу акциясы өткізілді.

#РеспубликакүніМаңғыстау #RepublicDayMangystau

**Ақпарлама**

31.10.2023 ж. күні ата-аналарға арналған "Ашық есік күні" өткізілді. Ата-аналар I тоқсан қорытындысымен, балаларының мектептегі жай-күйімен танысты.

**Ақпарлама**

"Оқуға құштар мектеп"жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» атты челленджді бастаған мектебіміздің 10 сынып оқушысы Сағынғали Ақелік, 9 сынып оқушыларына жолдайды.

**Ақпарлама**

Каникулдық іс-шара жоспарына сәйкес 31.10 күні 6,7-сыныптар арасында волейболдан жолдастық кездесу өткізілді.

**Ақпарлама**

3.11.2023 ж. күні «Ата-аналарды педагогикалық қолдау кабинетінің» жұмыс жоспарына сәйкес «Отбасы – бақыт бесігі. Ата-аналар өмірінің жобасы – бақытты адам» тақырыбында жиналыс өткізілді. Балалары қанағаттанарлық бағаға шыққан ата-аналарға қолдау жасалып, кейстер талданып, ата-аналар өз пікірін білдірді.

**Ақпарлама**

Маңғыстаудың танымал тұлғаларын кеңінен насихаттау мақсатында «Маңғыстау өңірінен шыққан танымал тұлғалар» атты мектепішілік ғылыми жоба ұйымдастырылды. Жобаға 5-7 сынып оқушыларынан 4 оқушы қатысып бақ сынасты.Нәтижесінде:

I-орынды: "Бірғали Байекеев" атасын жобада қорғаған 5 сынып оқушысы Біләл Фатима иеленді.

II- орынды: "Талғат Атшыбаевты" жобада қорғаған 7 сынып оқушысы Әскербай Ақдидар;

III- орынды: "Әбіш Кекілбаевты" жобада қорғаған Айбергенқызы Ақбөбек;

III- орынды: "Аллаберген Қонарбаевты" жобада қорғаған Наурызғали Айғаным иеленді.

**Ақпарлама**

15 минуттық қоңырауда уақыттарын тиімді әрі қызықты өткізу үшін «Quizizz» программасы арқылы оқушылар «Сұлтанмахмұт Торайғыровқа 130жыл» толуына байланысты, өмірі мен шығармаларынан берілген тест сұрақтарына жауап беріп, ойын ойнады. Ең көп сұраққа жауап берген оқушыларға тәттілер таратылды.
Оқушылар бұл ойынға қызығушылық танытты.

**Ақпарлама**

Асық ойыны– қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Асық ойнап өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зеректеу, табандырақ, шыдамды болып келеді. 17.11 күні «Шетпе гимназиясы» КММ-де «Тоғыз айға- 9 іс-шара» жобасына сай «Алтын сақа» республикалық челленджінің негізінде «Бес табан», «Бес асық» ойындары өткізілді.

# Ақпарлама

«Шетпе гимназиясы» КММ-де "Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқанының жоспары негізінде "Зорлық-зомбылыққа жол жоқ", " Мен өз құқығымды қорғай аламын" тақырыптарында сынып сағаттары, тәлім сәтінде "Біз әлемді өзгертеміз" тақырыбында мектеп инспекторы Г. Абдулаиеваның түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Менің қауіпсіз ортам» тақырыбында сурет акциясы өткізілді.

**Ақпарлама**

Мектеп оқушыларынан құрылған «Атланта» волонтерлік тобының іс-шара жоспарына сәйкес қараша айында қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды

**Ақпарлама**

28.11.2023ж. күні "Адам.Жер.Ғалам" тақырыбында мектепішілік астротурнир сайысы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың аспан денелері туралы қызығушылықтарын ояту және білімдерін сынауға жағдай жасау. Сайысқа 8,9,10-сынып оқушыларынан командалар қатысты. Оқушылар физика пәнінен алған білімдерін қолданып, сайыс тартысты өтті. Жеңімпаз командалар мен команда капитандары дипломдармен марапатталды.

# Ақпарлама

"Шетпе гимназиясы" КММ -де психологиялық қызметтің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Зорлық -зомбылықсыз 16 күн" науқанының аясында "Әр бала зорлық -зомбылықсыз балалық шаққа құқылы!", "Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын" тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

**Ақпарлама**

"Шетпе гимназиясы" КММ -де психологиялық қызметтің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Зорлық -зомбылықсыз 16 күн" науқанының аясында 9-11 -сынып оқушыларына "Мен зорлық- зомбылыққа қарсымын" тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Еліміздің салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі - бала құқығын қорғау, зорлық - зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Осы негізде

оқушыларға қазіргі қоғамдағы балаларға қатысты зомбылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық түсіндірме дәріс сабағы беріліп, "Аяқталмаған тезистер" айдары бойынша балалардың да қазіргі қоғамдағы зомбылық туралы өз ойлары тыңдалды. Сынып сағаттарымыз тұлғаны фигуралар арқылы зерттеу С. Деллингердің "Психогеометриялық тест" әдісі арқылы қорытындыланды.

**Ақпарлама**

Бүгін – Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың иегері, кемеңгер тұлға, абыз Әбіш Кекілбайұлының дүние есігін ашқан күні.
«Жазушының тілінде де, ділінде де мін жоқ. Қашанда сергек, қашанда сезімтал, бәйгенің алдынан ғана келетін тұлпарларға ұқсатам мен Әбішті. Ал, аспанға қарасам оның жұлдызын оңай танимын. Оның жұлдызы сол Әуезов, сол Шолохов, сол Айтматов, сол Нұрпейісов жұлдыздарымен қатар тұр. Ол да жарық жұлдыз, мәңгі жанатын жұлдыз,-» депТұманбай Молдағалиев айтқандай артында өшпес мұра қалдырған, заманымыздың заңғар тұлғасы Әбіш Кекілбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы танымдық сабақ өткізілді.

**Ақпарлама**

«Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Менің елім – менің болашағым» тақырыбында сынып сағаттары қашықтықтан (онлайн) форматта өткізілді. Қазақ елі үшін маңызды жылдар мен желтоқсан қаһармандары туралы түсінік беріліп, бейнеролик көрсетілді.

**Ақпарлама**

Егеменді еліміздің тірегі
Мектептің болашағы жігері
Достықпен татулық тілегі
«Жас Ұлан» ұйымының біз түлегі

**«Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым»** апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Шетпе гимназиясы» КММ-де оқушыларды «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты шарасы өткізілді. Мектебіміздің үздік оқушылары мен мектеп парламенті мүшелері оқушыларымызға галстуктерін тақты. Егеменді елімізді көркейтетін еңселі азамат болатынына сенеміз

**Ақпарлама**

21.12 күні «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепішілік «Жаңа Қазақстан» дебат сайысы өткізілді. «Ұшқыр ой» дебат клубының ұйымдастыруымен өткізілген сайыста 4 команда бақ сынады. Нәтижесінде «» тобы жеңіске жетті. Оқушылар дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

**Ақпарлама**

Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» тақырыбында шара өткізілді. Тәуелсіздікте жеткен жетістіктер мен Желтоқсан оқиғасы туралы шағын көрніс қойылды.

АТА-АНАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

🏫Жаңа оқу жылынан бастап , мектебімізде "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы" құрылды.

✅Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

🔷балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

🔷балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

🔷балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

✅Мектеп – ата-ана қарым - қатынастарының жаңа түрлерін жоспарлай отырып, ата-ананы қолдау бағдарламасы жасақталған.

✍️ 🧾 ұсынылатын бағдарламаға сәйкес оқу жылына арналған сабақ кестесін құрылады.

✅ата-аналарға арналған педагогикалық қолдауды «Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша оқудан өткен сынып жетекшілері, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер, қосымша білім педагогтері жүзеге асырады;

📌Сабақтардың (басқа да іс-шаралардың) мазмұны орта білім ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл-ауқатты контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді.

✅Педагогикалық қолдау:

🔷Ата-аналарға бағыт беру, кездесулер, сабақтар бағдарламасының мазмұнымен таныстыру алдын-ала жүргізіледі.

🔷Педагогикалық қолдау бағдарламасы жылына сегіз сабақты қамтиды.

🔷Сабақтар әртүрлі әдіс-тәсілдерді (семинар-практикумдер, тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар, талқылаулар және т.б.), оның ішінде цифрлық ресурстарды қолдана отырып, онлайн және офлайн режимде өткізілуі мүмкін.

🔷Ата-аналарды педагогикалық қолдау үшін қосымша басқа да іс-шаралар ұсынылады:

⚜️«Даналық мектебі» клубы, ата-аналар оқулары, конференциялар, ашық есік күндері, ата-аналар апталығы, ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шаралар, мысалы, концерттер, театр қойылымдары, марафондар, жәрмеңкелер, көрмелер, жорықтар, экскурсиялар және басқа да іс-шаралар мен акциялар.

📌Ата-аналарды қолдау және өзара іс-қимыл жасау үшін Орталық цифрлық платформасы пайдалану ұсынылады, онда бөлімдер бойынша тақырыптық ақпарат: курс бағдарламалары, бейне дәрістер, бейне ұсынымдар, бейне жағдайлар, сұхбаттар, тақырыптық вебинарлар, ресурстардың электрондық каталогы, психологтың кеңестері, тестілер, сауалнамалар, жадынамалар, нұсқаулықтар, чек-парақтар, постерлер және басқалар қамтылады.

**Ақпарлама**

"Шетпе гимназиясы" КММ-де психологиялық қызметтің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Зорлық - зомбылықсыз 16 күн" науқанының аясында 5 - 7 - сынып оқушыларына "Егер сен күлсең, бар әлем сенімен бірге күледі" тақырыбында тренинг сабақтар өткізілді. Негізгі мақсаты: оқушыларды бір-бірімен жақсы қарым - қатынас жасауға баулу, таным процестерін дамыту, өзіндік бағалауын жоғарлату және көңіл - күйлерін көтеру, балаларға жайлы, жағымды сезім орнату. Тренинг сабақтар барысында "Үлкен шеңбер", "Сапқа тұру", "Арқадағы сурет" және жұптасу жаттығулары, "Отшашу" сергітуі өткізілді.

# Ақпарлама

"Шетпе гимназиясы" КММ-де психологиялық қызметтің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Зорлық - зомбылықсыз 16 күн" науқанының аясында 7 - 11 - сынып оқушылары арасында "Біз салауатты келешек үшін!" тақырыбында волейболдан спорттық жарыс өткізілді. Негізгі мақсаты: сыныптардың бір-бірімен жақсы, достық қарым-қатынас орнатуын, балалардың салауатты өмір салтын ұстануын дамыту.

Оқушылар жақсы ойын көрсетіп, нәтижесінде 1-орынды 11-сынып, 2-орынды 8-сынып, 3-орынды 9-сынып оқушылары иеленді.

**Ақпарлама**

"Шетпе гимназиясы" КММ-де психологиялық қызметтің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Зорлық - зомбылықсыз 16 күн" науқанының аясында 5 - 9 - сынып оқушылары арасында "Бақытты балалық шақтың аспаны" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Негізгі мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, отбасы құндылықтарына тәрбиелеу.

Оқушылардың жұмыстары бағаланды.

6-сынып оқушысы Берікқызы Әсел 1-орын, 9-сынып оқушысы Толыбек Ақшолпан 2-орын, 5-сынып оқушысы Кенжебек Ақбота 2-орын, 6-сынып оқушысы Амандық Айзере 3-орын, 9-сынып оқушысы Кемелхан Айкүн 3-орын, 6-сынып оқушысы Башенова Малика 3-орын иеленді.